

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы**

**«Өнер тарихы» пәні бойынша  
үлгілік оқу бағдарламасы**  
(Балалар өнер мектептеріне арналған, оқыту мерзімі - 4 жыл)

**Астана, 2013**

**«Өнер тарихы»** балалар өнер мектептеріне арналған үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту мерзімі 4 жыл) – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана, 2013. – 36 бет.

**Құрастырған:** Дружинина И.Ю., Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жанындағы Заманауи өнер мектебі өнер тарихы пәнінің оқытушысы (Алматы қаласы).

**Пікір жазғандар:** Калиакбарова Л.Т., Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының проректоры, инновациялық музыкалық-педагогикалық технологиялар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор; Айнакулова Ж.Т., Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Заманауи өнер мектебінің директоры.

«Өнер тарихы» білім беретін оқу бағдарламасы (оқыту мерзімі 4 жыл) Қазақстан Республикасындағы балалар өнер мектептеріне және түрлі үлгідегі қосымша білім беру ұйымдарына үлгілік бағдарлама ретінде ұсынылады.

«Өнер тарихы» білім беретін оқу бағдарламасына өнер мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарының ерекшелігін ескере отырып, толықтырулар мен өзгертулер енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының  
әдістемелік кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған*

©Республикалық қосымша білім беру  
оқу-әдістемелік орталығы, 2013

## АЛҒЫ СӨЗ

Білімнің қазіргі даму кезеңдері жаңа тенденциялардың пайда болуымен ерекшеленеді. Қазіргі білім жүйесі оқушыға тек тәлім-тәрбие берумен ғана шектелмей, жылдам өзгеріп жатқан әлемге тез бейімделуіне, тіршілік құндылығын бағамдай алуына көмектесуі керек.

Әлемдік педагогикалық жүйенің жаңа даму үрдісі білім берудің дамытушылық, инновациялық жаңа негіздеріне, білім мен тәрбие берудің мазмұнын түбегейлі өзгертуге әсерін тигізуде. Мемлекеттің стратегиялық саясаты білім беру жүйесінің тұжырымдамалық даму жолдарын зерттеу арқылы жаһандандыруды үдемелі түрде жүргізу болып табылады, соның ішінде өнер мектептерін де жетілдіру қарастырылған.

Білім алушылардың жеке басының дамуына, денсаулығын нығайтуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруына қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, балаларды қоғам өміріне бейімдеу, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру – қосымша білім беру ұйымының негізгі қызметі. Мемлекеттік жүйедегі әлеуметтік тәрбие беретін қосымша білім беру ұйымдары білім беру жүйесін гуманизациялаудағы ең күшті құрал болып табылады.

Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жүзеге асатын мұндай өнер тарихы курсына қосымша ерекшелік аталған бағдарламада көрсетілген.

Бағдарлама құрылымы мақсаттар мен міндеттерді және өнер мектептеріндегі оқытудың мазмұнын қарастырады.

«Өнер тарихы» пәні бағдарламасы мазмұнының өнердің өміршеңдігін, оның теориялық негіздерін, заңдылықтарын, әр түрлі өнерлердің бірлігін, дамуын аша түсуі бүгінгі таңда маңызды болып отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылдың соңында бекіткен үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларында бұл пән бағдарламасының балаларға арналған музыка, өнер, көркемөнер мектептерінде жүргізілуіне аса зор мән берілген. **Бұл пән бағдарламасының өзектілігі де осында.**

Бұл бағдарламаның мазмұнына аудиторияның, оқушылар контингентінің ерекшеліктерін ескере отырып өзгерістер енгізілді. 5 жылдың көлемінде Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының жанынан құрылған Заманауи өнер мектебінде сынақтан өтуде.

Бағдарлама балаларға арналған музыка, өнер, көркемөнер мектептерінің 4-7 сыныптарына арналған. Аптасына 1 академиялық сағат берілсе, онда бұл бағдарлама 4 жылда игеріледі, егер аптасына 2 сағат берілсе, 2 жылда игеруге болады.

Мұның барлығы қосымша білім беру ұйымдарының жұмыс жоспарына байланысты. Бағдарламаның **жаңалығы** осы уақытқа дейін бөлшектеніп беріліп келген білімді біріктіруінде. Оқушы материалды меңгеруде әдебиет, кескіндеме, музыка т.б. өнер түрлерінің заңдылықтарын, логикасын, принциптерін, бір сөзбен айтқанда бүкіл жүйесін түсіне алады.

Бұл курстың көркемөнер тарихын оқытып жүрген басқа курстардан ерекшелігі сонда: дәл фактілерді оқытып қана қоймай, рухани құндылықтарды да меңгертеді.

Адамзат өзінің даму тарихында өте үлкен көркемөнер құндылықтарына қолы жетті. Осындай үлкен мұраны мектеп бағдарламасының аясында меңгерту мүмкін емес. Сондықтан мұндай мол мұраны меңгеру үшін оқушыларға материалды мәдениеттану тұрғысынан да қарастыруға тура келеді.

Бір сөзбен айтқанда, әлемдік мәдениет ескерткіштерін сипаттап қана қоймай, олардың көркемдік кезеңдерін, стильдерін, құндылықтарының басым тұстарын меңгерту. Мұның мысалы ретінде әлемге әйгілі, кең танымал боп үлгірген әлемдік мәдениеттің жауһарларын айтуға болады. Мәдениеттану тұрғысынан келудің тағы бір жақсы жағы өнердің түрлерін, адамзат тарихын, философиялық және діни көзқарастарды, әр түрлі тарихи-мәдени кезеңдерге адамның көзқарасын бір жерге тоғыстырып, өнер тарихының біртұтас картинасын көруге болады. Осы тұрғыдан алғанда қосымша білім беру ұйымдарын бітіруші түлек өз бетімен білімін жетілдіре отырып, «Өнер тарихынан» алған білімін толықтырады.

Көркемөнер шығармалары эстетикалық, адамгершілік, әлемдік көзқарас секілді адамзаттың рухани құндылықтарын топтастыратынын ескерсек, берілген бағдарламаның алдына қойып отырған ең маңызды **мақсаты** – оқушы бойына осы рухани құндылықтарды сіңіру. Әлемдік көркем мәдениеттің інжу-маржандарын таныту арқылы, олардың болашағына, өмірден өз орнын табуына көмектесу.

#### **Мақсатқа жету үшін бірнеше кезеңдерді қарастыру керек:**

- 1) әлемдік көркем мәдениетте берілген фактілермен таныстыру (шығармалар, авторлар, кезеңдері, стильдері, бағыттары);
- 2) сол кезең туралы оқушының өз тұжырымын қалыптастыру;
- 3) кезеңнің ең басты басымдықтарын айқындай алуға үйрету;
- 4) көркемөнер шығармасына өз пікірін білдіруді және бағалауды қалыптастыру.

#### **Осыдан барып бағдарламаның міндеттері туындайды:**

- әлемдік көркем мәдениеттің шығу тарихымен, өнер інжу-маржандарымен, олардың авторларымен, сол кезеңнің стильдерімен, бағыттарымен таныстыру;
- кезең өнерінің мәдени басымдықтарын айқындау;
- кез келген өнердің көркемдік және жалпы адамзаттық құндылықтарын ашу арқылы бүгінгі күнмен бағамдау.

Осы бағдарламаны құруға негіз болған тарихи және бірігу принциптері болды. **Тарихи принцип** адамзаттың көркемдік мәдениетінің үзілмейтін, тоқтамайтын процесс екенін көрсетсе, **бірігу принципі** әр түрлі өнер шығармаларының ерекшеліктерін, тілін меңгерте отырып, сол кезеңнің жалпы тенденцияларын, заңдылықтарын оқушының түсінуіне көмегін тигізеді.

Бағдарлама 10 бөлімнен тұрады және алғашқы кезеңнен ХХ ғасырға дейінгі Батыс Европа, Ресей, Алыс, Жақын шығыс елдерінің көркемдік мәдениетін қарастырады. Әлемдік көркем мәдениеттің бөлінбейтін бір бөлшегі ретінде бағдарламада Қазақстанның да көркемдік мәдениеті қарастырылады. Оқушыларды бұлай оқыту, әлемдік мәдениет пен Қазақстан мәдениетін салыстыра отырып, мәдениеттердің ортақ заңдылықтарын көре білуге, сонымен қатар өз ұлтының мәдениетін қастерлеуге, ұлттық колоритін сақтауға тәрбиелейді.

Бағдарламаның әр бөлімі – өзіндік ерекшелігі бар өнер тарихының жеке кезеңі. Тағы бір айта кететін жайт, бұл бағдарламада әрбір кезең өнері мен мәдениетінің әлеуметтік-мәдени басымдықтары ашып көрсетілген.

Бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы, педагог өзіне ұнаған кезеңді, ондағы құндылықтарды, тенденцияларды таңдап оқыта алады және сағат санын да өзі таңдай алады.

«Өнер тарихының» сабақтары педагогпен бірге білім алушының да шығармашылығын арттырудың жолын қарастырады. Сондықтан білім алушының сабаққа дайындалып келуімен ғана шектелмей, оның сабақ өткізуіне де мүмкіндік берген жөн.

#### **Болжамды нәтижелер.**

Оқушы «Өнер тарихын» меңгеруде нені білуі, нені үйренуі қажет:

- адамзаттың көркемдік дамуының негізгі кезеңдерін білуі;
- әлемдік көркем мәдениеттегі негізгі стильдер мен бағыттарды білуі;
- әр кезеңдегі өнер ескерткіштері мен мәдениеттің інжу-маржандарын, олардың авторларын білуі;
- әр кезеңдегі мәдени басымдықтардың мағынасын білуі;
- шығармалардың стильдерін ажырата алуы;
- өнер шығармасын өз бетімен бағалай алуы;
- әр түрлі тарихи кезеңдердің, әр түрлі авторлардың шығармаларын салыстыра алуы, талдай алуы;
- мәдениеттің түрлі құбылыстарына өз бағасын бере алуы қажет.



## ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Бірінші оқу жылы, аптасына 1 сағат

№		Бөлімнің, тақырыптың атауы	Сағат саны		
Бөлім	Тақырып		Бөлім	Тақырып	
		Жалпы саны		Теория	Практика
	Кіріспе	Өнердегі адамзат құндылықтары	1		
1.		Ежелгі өркениеттің көркемдік мәдениеті мен рухани құндылықтары	10		
	1.1.	Алғашқы кезең мәдениетіндегі діни наным-сенімдер	2	1	1
	1.2.	Орта Азия өркениетінің ауыл шаруашылығы. Жерұйық.	2	1	1
	1.3.	Ежелгі Египет өнеріндегі мәңгілік бедерлер	3	2	1
	1.4.	Ұлы Дала – көшпелі халықтың алтын бесігі	3	2	1
2.		Антикалық көркем мәдениет пен рухани құндылықтар	15		
	2.1.	Ежелгі Грекияның құдайлары мен батырлары. Адамның биік мұраттарының Грекия мифологиясынан көрінуі	2	1	1
	2.2.	Ежелгі Грекия әдебиеті. Гомердің «Соғыс пен бейбітшілігі»	4	2	2
	2.3.	Ежелгі Грекия өнері.«Адам барлық дүниенің өлшемі»	4	3	1
	2.4.	Ежелгі Римнің мәдени мұрасы	4	2	2
3.		Будда мемлекеттерінің рухани құндылықтары мен көркем мәдениеті	8		
	3.1.	Ежелгі әлем діндерінің бірі – Буддизм. Әр-алуан Үнді мемлекеті.	2	1	1
	3.2.	Өнертапқыш Қытай.	2	1	1
	3.3.	Пайымдаушы Жапония.	2		1
	3.4.		2		1
<b>Барлығы</b>			<b>34 сағат</b>		

**Екінші оқу жылы, аптасына 1сағат**

№		Бөлімнің, тақырыптың атауы	Сағат саны			
Бөлім	Тақырып		Бөлім	Тақырып		
			Жалпы саны	Теория	Практика	
<b>4.</b>		<b>Орта ғасыр көркем мәдениеті мен рухани құндылықтары.</b>	<b>14</b>			
	4.1.	Христиандық – ортағасырлық Европа мәдениетінің негізі.	1	1	-	
	4.2.	Батыс Европаның орта- ғасырлық өнері. Адамның іс-әрекеті құдай жолына бағышталады.	2	1	-	1
	4.3.	Орта ғасыр әдебиетіндегі шындық пен қиял.	2	1	1	
	4.4.	Византия өнері. Әлем мен уақыт қиылысында.	1	1	-	1
	4.5.	Ежелгі Орыс өнері. Көрікші әлемінен шашыраған сәуле.	2	1	1	
	4.6.	Ежелгі Орыс әдебиеті. Жер бетіндегі тіршілікке бір Алла жар болсын ... Әлем діндерінің бірі – Ислам.	2	1	1	
	4.7.	Араб халифаты елдерінің бейнелеу өнері.	1	1	-	
	4.8.	Араб-ислам елдерінің әдебиеті.	2	1	1	
	4.9.		1	1	-	
<b>5.</b>		<b>Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырлық кезеңіндегі көркемдік мәдениеті мен өнері.</b>	<b>7</b>			
	5.1.	Ұлы Дала діни наным – Тәңіріге сиыну.	1	1	-	1
	5.2.	Түрік қағанаты кезеңіндегі (5-9 ғғ.) Қазақстандағы өнер мен мәдениет.	1	1	-	
	5.3.	Орта Азия мен Қазақстанға ислам дінінің таралуы. Қарахан кезеңі (10-12 ғғ.)	1	1	-	1
	5.4.	Моңғол шапқыншылығы кезіндегі Қазақстанның өнері мен мәдениеті. Ұлы Шыңғысханның ізбасарлары (13-15 ғғ.)	1	1	-	
	5.5.	Қазақ хандықтары кезеңіндегі өнер мен мәдениет (15-18 ғғ.) Еркін	2	1	1	



		халық.				
<b>6.</b>		<b>Қайта өрлеу дәуірінің көркем мәдениеті мен рухани құндылықтары.</b>	<b>13</b>			
	6.1.	14 ғ. Италия әдебиеті.		2	1	1
	6.2.	Италия бейнелеу өнері. Адам жаңалықтар ашты.		6	4	2
	6.3.	Солтүстік қайта өрлеу дәуірі. Сана-сезімдегі төңкеріс.		2	1	1
	6.4.	У. Шекспирдің әдеби мұрасы. «Әлем – театр».		2	1	1
		<b>Барлығы</b>		<b>34 сағат</b>		

**Үшінші оқу жылы, аптасына 1 сағат**

<b>№</b>		<b>Бөлімнің, тақырыптың атауы</b>	<b>Сағат саны</b>			
<b>Бөлім</b>	<b>Тақырып</b>		<b>Бөлім</b>	<b>Тақырып</b>		
				<b>Жалпы саны</b>	<b>Теория</b>	<b>Практика</b>
<b>7.</b>		<b>17 ғ. Батыс Еуропаның көркемдік мәдениеті және Классицизм мен Барокконың рухани құндылықтары.</b>	<b>9</b>			
	7.1.	Франция өнері. Классицизм – ойлау мен тәртіптің патшалығы.		2	1	1
	7.2.	Испания өнері. Жарқыл, парыз, құмарлық.		2	1	1
	7.3.	Италия, Фландрия, Голландия бейнелеу өнері. «Адам-құмарлық арена».		3	2	1
	7.4.	Барокко кезеңіндегі музыка. «Осы бір дыбыс толқындары».		2	1	1
<b>8.</b>		<b>18 ғ. көркемдік мәдениет пен Ағартушылық кезеңдегі рухани құндылықтар.</b>	<b>25</b>			
	8.1.	18 ғ. Англия өнері. Адам Әлемді өзгерте ала ма?		6	4	2
	8.2.	18 ғ. Франция өнері. Адамның Әлемді өзгертуі керек пе ?		5	3	2
	8.3.	18 ғ. Германия өнері. Адам Әлемді не үшін өзгертеді? 18 ғ. Ресей өнері. Адам Әлемді		6	4	2

	8.4.	өзгертеді! 18 ғ. Қазақстан өнері.	6	4	2
	8.5.	Көшпенділер мәдениеті. Адам өзгермелі Әлемде.	2	1	1
<b>Барлығы</b>			<b>34 сағат</b>		

### Төртінші оқу жылы, аптасына 1 сағат

№		Бөлімнің, тақырыптың атауы	Сағат саны		
Бөлім	Тақырып		Бөлім	Тақырып	
			Жалпы саны	Теория	Практика
<b>9.</b>		<b>19 ғ. көркем мәдениет пен рухани құндылықтар.</b>	<b>22</b>		
	9.1.	Романтиктер шығармашылығындағы рух еркіндігі.	8	5	3
	9.2.	Реализм-шығармашылық әдіс. Кезең хронистері.	8	6	2
	9.3.	Импрессионизм. «Бір сәтке тоқтай қал».	2	1	1
	9.4.	Постимпрессионистердің шығармашылық ізденісі.	2	1	1
	9.5.	Қазақ Ағартушылығы. Шығармашылықтың кемелденген кезеңі.	2	1	1
<b>10.</b>		<b>20 ғ. көркем өнер мен құндылықтар.</b>	<b>10</b>		
	10.1.	Модерн. «Арман нәзіктігі».	1	1	-
	10.2.	Қазақстан уақыт пен кезеңдер шекарасында.	1	1	-
	10.3.	20ғ. бірінші жартысындағы көркемдік бағыттар. Жаңа көзқарас.	2	1	1
	10.4.	20 ғ. Ресей өнері. Орыс картинасы. Советтік Қазақстанның мәдениеті.	2	1	1
	10.5.	20ғ.екінші жартысындағы өнер. «Біз кімбіз? Қайданбыз? Қайда барамыз?»	2	1	1
	10.6.	Тәуелсіз Қазақстан. Болашаққа көз жүгірту.	1	1	-
	10.7.		1	1	-

			<b>Барлығы</b>	<b>34 сағат</b>		

## **БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ**

### **Кіріспе**

#### **Өнердегі адамзат құндылықтары**

Мәдениет туралы жалпы түсінік. Көркемдік мәдениет пен өнер функцияларының ерекше құбылыс екендігін түсіндіру. Көркем мәдениет пен өнер жүйесі. Мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі өнер тілінің атқаратын ролі. Көркемдік мәдениеттің сан алуандығы мен бірлігі. Жеке тұлғаның, этностың, ұлттың, қоғамның, мемлекеттің нормалары мен құндылықтары және олардың өнер мен көркем мәдениеттің пайда болуы мен дамуындағы атқаратын ролі. Көркемдік құндылықтардың ерекшелігі. Әрбір кезеңдегі көркемдік мәдениеттің дамуының жалпы заңдылықтары мен әлеуметтік-мәдени басымдығы.

### **Бөлім 1**

#### **Ежелгі кезең өнері мен көркемдік мәдениеті (алғашқы кезең мәдениеті, ежелгі Мысыр мәдениеті)**

##### **Тақырып 1.1**

##### Алғашқы кезең өнеріндегі діни наным-сенімдер. Алғашқы кезеңдегі Қазақстан

Әлемнің космос-табиғат бейнесі. Адам әлемі мен табиғат әлемінің бірлігі. Адамның Жануар әлемінен бөлінбеуі. Алғашқы кезең өнерінің салт жоралары. Бұл кезең өнерінің бөлінбеуі.

Қазақстан территориясындағы алғашқы мәдениеттің іздері. Маңғыстау жеріндегі тастағы жазулар. Андронов мәдениеті. Петроглифтердің мәдениеттегі алатын орны. Алғашқы кезең мәдениетін растайтын ескерткіштер мен Қазақстандағы археологиялық қазбалардан табылған ескерткіштердің ортақтығы.

**Алғашқы кезеңдегі әлеуметтік-мәдени құндылықтардың басымдығы:** Табиғат, Аң, Дуа, Салт-жора.

##### **Тақырып 1.2**

##### Алдыңғы Азияның егін шаруашылығының өркендеуі

Қосөзен мифологиясындағы әлем. Гильгамеш туралы эпостағы мәңгілік тақырыптар. Месопотамия сәулет өнеріндегі діни көзқарастар. Қосөзен бейнелеу өнерінің негізгі түрлері: мүсін, рельеф, ұсақ пластика. Вавилон сәулет өнері-ақсүйектердікі. Семирамида аспалы бағы – Жерұйық туралы арманның орындалуы. Қосөзен елдерінің мүсін өнері.

Зороастризм. Бір құдайға сенушіліктің алғы шарттары. Зороастризм дінінің Алдыңғы Азия мәдениетіне әсері.

Ортаңғы Азия елдеріндегі ғылымның дамуы. Сына жазу ойлап шығарылды, есептеудің алты ондық жүйесі т.б.

Шығыс мәдениетін зерттеуде археологиялық қазбалардың мәні. **Ортаңғы Азияның ежелгі өркениетіндегі әлеуметтік-мәдени басымдықтар:** иерархиялық, жаугершілік, даңғазалық.

### Тақырып 1.3

#### Ежелгі Мысыр өнеріндегі «мәңгі өмір» тақырыбы

Ежелгі Мысыр мәдениетіндегі Ж. Шампольон иероглифтерінің алатын орны. Мысыр құдайларының зооморфтығы. Әлемнің мифологиялық бейнесі.

Осирис – о дүние құдайы. Өлген адамның қайта тірілуі туралы идея – ежелгі Мысыр мәдениетінің негізі. Адам қайтыс болғаннан кейін оның екінші өмірі басталады дегенге сену. Адамның жаны туралы түсінік.

Ежелгі Мысыр өнерінің діни наным-сенімдерге және Өлімге құлшылық етуге бағынуы. Өнердің негізгі функциясы-жер бетіндегі адам өмірін мәңгілік ету. Ежелгі Мысыр өнеріндегі эстетикалық тәртіп пен тұрақтылықты қалыптастыру. Эхнатонның реформалары (Аменхотеп IV). Өнердің орасан күрделілік пен тұлғалыққа қол жеткізуге тырысуы. Ежелгі Мысыр өнерінің негізгі шығармалары.

**Ежелгі Мысыр мәдениетінің әлеуметтік-мәдени басымдығы:** мәңгілік, монументальдық, канондық.

### Тақырып 1.4

#### Ұлы Дала – көшпелі халық бесігі

Егін шаруашылығы мәдениетінің ауыл шаруашылығы мәдениетінен айырмашылығы. Көшпелі халық тұрмысының дала жағдайына бейімделуі.

Орталық Азия этносының қалыптасуына тайпалардың көп түрлілігі мен олардың тарихи мәнінің ықпалы.

Көшпенділердің киімдері мен қару-жарақтары. Алтай мен Шығыс Қазақстанда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары. Ежелгі Қазақстанның белгісі – «Алтын адам»

Сәндік-қолданбалы өнердегі «аңдық стиль»

**Көшпелі халықтың әлеуметтік-мәдени басымдығы:** жануар, бейімделгіштік, кәдеге жаратушылық.

## Бөлім 2

### Антикалық көркем мәдениет пен рухани құндылықтар

#### Тақырып 2.1

##### Ежелгі Грекияның құдайлары мен батырлары.

##### Адамның биік мұраттары Грекия мифологиясында

Әлемнің, құдайлардың, адамдардың пайда болуы жайлы мифологиялық түсінік. Грекия құдайларының «адам тәрізділігі». Әлем жөніндегі үндестік пен ақыл-ой тақырыбы, мифтегі құдайлар туралы.

Батырлар туралы айта келіп, олардың күштілігін, әдемілігін көрсету. Ежелгі гректердің фатализмге көзқарасы.

Грек мифологиясының өзіне тән ерекшеліктері: образдардың жарқын көркемдігі, адам бойындағы терең ізгілік, этикалық, адамгершілік, сұлулық қасиеттері туралы түсінікті көрсете білуі, адамның табиғатпен тұтастығына, оның шексіз мүмкіндіктеріне сенуі.

## Тақырып 2.2

### Ежелгі Грекия әдебиеті.

#### Гомердің «Соғыс пен бейбітшілігі»

Әдебиет тарихындағы Гомер және «гомер мәселесі». Гомердің эпикалық поэмалары. «Илиада» поэмасындағы ерлік тақырыбы. Поэманың құрылымы, тілі, сюжеті, негізгі образдары. Соғыстың поэтикалылығы. Тарихи шындықтың қиял элементтерімен астасуы. Троя қаласының болғандығы және оның күйрегендігін дәлелдейтін Г. Шлиманнның археологиялық қазбалары.

«Одиссея» поэмасындағы беймәлімдік туралы қиял мен арман. Адамның өзінің еркін, әділ мұраттарына жетуі жолындағы табан тіреген қажырлылығын, ақыл парасатын әнге қосу.

## Тақырып 2.3

### Ежелгі Грекия өнері.

#### «Адам барлық дүниенің өлшемі»

Ежелгі Грекияның бейнелеу өнеріндегі негізгі тақырып – Адам бейнесі. Грекия мүсін өнеріндегі шындық. Пропорция мен үндестікті іздеу.

Ежелгі Грекияның сәулет өнері. Ордерлік жүйе сәулет өнерінің негізі болып табылады. Афина Акрополіндегі ансамбль үндестігі.

Жеке тұлғаның бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы Грекия театрының рөлі. Катарсис эффектісі. Грек театрындағы өнер синтезі. Ежелгі Грекия театрындағы музыканың алатын орны.

#### **Ежелгі Грекия мәдениетіндегі әлеуметтік-мәдени басымдықтар:**

Адам бойындағы асыл мұраттар, биік адамгершілік қасиет, әдемілік, үндестік.

## Тақырып 2.4

### Ежелгі Римнің мәдени мұралары

Грек өркениетінің ежелгі Римнің өнеріне, мәдениетіне, дініне тигізген әсері. Гректер мен римдіктердің мифология туралы түсініктерінің ұқсастықтары. Грекия құдайларының аттарының Рим құдайларына ауысуы. Рим құдайларының грек құдайларынан айырмашылығы.

Рим өнеріне тән қасиет: тиімділік пен ұстамдылық, кәдеге жаратушылыққа көңіл аудару, өмірге дұрыс көзқараспен қарау. Портрет – мүсін өнеріндегі негізгі жанр. Ежелгі Рим мүсін өнеріндегі «функционалдық пен пайдалылық»

**Ежелгі Рим мәдениетіндегі әлеуметтік-мәдени басымдықтар:**  
Мемлекеттілік, Пайда, Тәртіп, Тиімділік.

### **Бөлім 3. Будда мемлекеттерінің өнері мен көркем мәдениеті**

#### **Тақырып 3.1.**

##### **Буддизм – ежелгі әлем діні**

Гаутама туралы аңыз. Будда ілімі. Буддизмнің ерекшелігі – «құдай жоқ» (Кез келген адам Будда бола алады).

#### **Тақырып 3.2.**

##### **Әр алуан Үнді мемлекеті**

Индия – Буддизм отаны. Индияның ежелгі діни көзқарасы. Касталарға бөліну-қоғамдық құрылымның негізі болып табылады. Дхарм және сансар туралы ілім.

Үнді халқының ежелгі әдеби ескерткіштері – «Ведалар», «Махабхарата» және «Рамайна». Өнер ескерткіштеріндегі діни көзқарастардың қалыптасуы. Сәулет өнерінде храмдар, ступалар, үңгір храмдары. Ежелгі Индиядағы мүсін және сәулет өнерлерінің синтезі. Будда бейнесін мүсін өнерінде сомдау. Ислам дінінің Үнді мәдениетіне әсері. Өнер ескерткіштерінде жаңа формалардың пайда болуы.

Индия өнеріндегі музыка, актерлік шеберлік және бидің синтезі.

#### **Тақырып 3.3.**

##### **Ойлап тапқыш Қытай**

Қытай халқының ежелгі діни көзқарасы – конфуцишілдік және даосизм. Бұл көзқарастардың ерекшелігі және Будда іліміне әсері. Қытай ғалымдарының ғылым мен техникада жеткен жетістіктері.

Ежелгі Қытай сәулет өнерінің негізгі принципі – табиғатқа жақындау. Сәулет өнеріндегі негізгі ескерткіштер – әлем үндестігі туралы ойлардың көрінісі.

Әлем құрылымының қандай екенін көрсететін Қытай поэзиясы. Қытай поэзиясына тән ерекшеліктер: баяндаудың қысқалығы, символизм, сарайға жақындық. Орта ғасырлық Қытай кескіндеме өнерінің дамуының негізгі кезеңдері. Каллиграфия мен кескіндеме өнерінің бір-бірімен тығыз байланыстылығы. Кескіндеме өнеріндегі негізгі «тәртіпер», сюжеттер, тақырыптар.

Музыка мен театрдың дамуы. «Пекин операсы» қытай ұлттық музыкалық театрының мысалы.

#### **Тақырып 3.4.**

##### **Пайымдаушы Жапония**

Жапония мәдениетінің даму ерекшелігі – оның географиялық жекелігінде, басқа жақтан әсер етудің жоқтығында. Синтоизм –

Жапонияның ежелгі діні. Табиғатқа деген ерекше құрметі. Өнер шығармаларындағы синтоизм мен буддизмнің синтезінің көрінуі.

Жапония сәулет өнері. Сәулет өнеріндегі храмдардың негізгі типі – пагодалар. Жапондықтардың дәстүрлі үйлері – адамның әлемдегі орны туралы түсініктің іске асуы. Жапония өнерінің негізгі түрі – пейзаждық бақ.

Жапония мүсін өнері. Буддалық мүсіндердегі Будда бейнесі. Өнердің тағы бір түрі – нэцке.

Жапония өнеріндегі кескіндеме мен графика сұлулықты көрсетеді. Негізгі тақырыптар, бейнелер. Жапонияның ұлы кескіндемешілері.

Жапония поэзиясына тән ерекшеліктер: баяндаудың шеберлігі, форманың жинақылығы.

Кабуки және Но театрлары, олардың ерекшеліктері. Жапония мәдениетіндегі театрдың орны.

**Будда елдері өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдығы:** табиғатқа жақындық, өзін-өзі жетілдіру, пайымдаушылық.

## **Бөлім 4**

### **Орта ғасырлық өнер мен көркем мәдениет**

#### **Тақырып 4.1**

##### **Орта ғасыр мәдениетінің негізі – христиандық көзқарас**

Христиандықтың пайда болуы. Өмірдің мәнін жаңаша түсіну және әлемнің жаңа көркемдік бейнесінің қалыптасуы. Христиандықтың этикалық мәні: сүйіспеншілік туралы ілім, материалдық байлықтан рухани байлықтың басым түсуі. Шіркеудің мемлекет пен адам өмірінде алатын орны. Орта ғасыр өнерінің қалыптасуына шіркеудің оң және теріс ықпалы.

Феодализм – қоғамдық-саяси құрылыс. Рыцарлық сословиенің, этиканың, мәдениеттің қалыптасуы. Крест жорықтарының Батыс Еуропа мәдениетіне әсері.

Батыс Еуропаның білім беру орталықтары. Университеттердің пайда болуы және олар туралы орта ғасырлық ғылыми түсінік.

#### **Тақырып 4.2**

##### **Орта ғасырдағы Батыс Еуропа өнері**

Орта ғасырлық өнердегі романдық және готикалық стильдер. Басқа өнер түрлеріне қарағанда сәулет өнерінің басымдығы.

Романдық стильдің ерекшеліктері. Өнер ескерткіштеріне тапсырыс берушілер: монастрлер және ауқатты рыцарлар.

Готика стилінің ерекшеліктері. Қала – өнерге тапсырыс беруші.

Мүсін өнерінің Батыс Еуропадағы діни ғимараттарды салудағы алатын орны. Адамды бейнелеудегі бұрмалаушылық. Адамның дене құрылысына қарағанда, оның рухани жағына көп көңіл аудару.

Кескіндеме өнерінің ең көп тараған түрі – витраж бен кітап миниатюрасы. Музыка шіркеуге қызмет етті. Діни тақырыпқа жазылған музыканың ерекшелігі. Католиктік мессалардың қалыптасуы. Гвидо д Арещоның нота жазулары.

#### Тақырып 4.3

##### Орта ғасырлық Европа әдебиетіндегі шындық пен қиял

Батырлық эпос және оның орта ғасыр әдебиетіндегі орны. Шындық пен қиялдың әдебиетте көрініс табуы.

Батырлық эпостың бір мысалы ретінде «Нибелунгтар туралы жырды» алуға болады. Жырдың құрылысы, оқиға желісі, негізгі батырлары. Эпоста берілген батырлардың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері арқылы сол кезеңнің ерекшеліктерін көрсету. Рыцарлық романның мысалы ретінде «Тристан мен Изольданы» алуға болады. Рыцарлықтың этикалық, мінез-құлық ережесі және оның сарайлық феодалдық мәдениетпен байланыстылығы. Рыцарлық махаббат тақырыбы. Ваганттар поэзиясы. Сатира және толыққанды өмір-тіршілікті жырлау – орта ғасыр мәдениетіне тән қасиет.

**Орта ғасырлық Батыс Европа өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдықтары:** Құдай, Шіркеу, Қарыз.

#### Тақырып 4.4

##### Византия мәдениеті

##### Әлем мен уақыт қиылысында

Батыс Рим империясы құлағаннан кейін Византия мемлекеті құрылды. Православие - христиандықтың бір бұтағы іспеттес.

Өнердегі канондар. Крест-күмбезді храмдар салына бастады. Иконография дүниеге келді. Византия мәдениетінің мәні және оның Ежелгі Орыс, көрші елдер мәдениетіне әсері.

#### Тақырып 4.5

##### Ежелгі Орыс өнері

Орыс қиссалары. Ежелгі Орыс мәдениетінің қайнар көзі. Сенімді таңдау. Византияның орта ғасырлық Ежелгі Орыс мәдениетінің қалыптасуына әсері.

Крест-күмбезді храмдар және олардың белгілері мен құрылысының ерекшеліктері.

Ежелгі Орыс кескіндеме өнерінің негізгі түрі – икона. Орыс икона жазу өнерінің ерекшеліктері. Сюжеттер мен образдар. Орыс иконостасының мәні және оның храмдағы орны. Ұлы Орыс икона жазушылары: Андрей Рублев, Феофан Грек, Дионисий.

Православты шіркеу қызметіндегі музыканың рөлі. Нота жазуының ерекшелігі (ілімек тәрізді белгілер). Қоңырау үні орыс ұлтының құдайға



табыну дәстүрінде маңызды орын алады. Қоңырау мен қоңырау үндерінің түрлері.

#### Тақырып 4.6

##### Ежелгі Орыс әдебиетіндегі Адамның алатын орны

Қасиетті адамдардың өмір-тіршілігі мен жылнама жазу – ежелгі Орыс әдебиетінің негізгі жанрлары. Орыс әдебиетінің негізгі тақырыбы – Адам және оның өмірдегі орны. Ежелгі Орыс әдебиетінің негізгі ерекшеліктері оның дидактикалылығында, фольклорға жақындығында, жеке авторлық бастаудың жоқтығында. Ежелгі Орыс әдебиетіндегі басты кейіпкердің ерекшеліктері.

Ежелгі Орыс өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдықтары – Сенім, Қасиеттілік, Соборлық.

#### Тақырып 4.7

##### Ислам – әлем діні

Ислам дінінің пайда болуы және оның әлемдік дін ретінде қалыптасуы. Мұхаммед пайғамбар, оның өмірбаянындағы шындық пен қиял. Қаба – мұсылмандардың қасиетті орны. Мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құран. Құран кітабының құрылымы, мазмұны. Кітап өлең түрінде жазылған. Мұсылмандық пен христиандықтың арасындағы ұқсастық пен айырмашылық. Ислам менталитеті мен мәдениетінің қалыптасуына шариғаттың тигізген әсері.

#### Тақырып 4.8

##### Араб Халифаты елдерінің бейнелеу өнері

Араб Халифаты және оның Орта Азия елдерінің дамуына тигізген әсері. Ғылым мен техниканың дамуы (Аббас Джаухари, Исхак ал-Фараби, Джанах ибн Хакан ал-Кимаки).

Мұсылман сәулет өнері және оның ерекшеліктері.

Ислам елдерінің бейнелеу өнеріне тән қасиет – адамды бейнелемеді. Орнаментика мен каллиграфияның дамуы. Араб Халифаты елдеріндегі кітап миниатюрасы.

#### Тақырып 4.9

##### Араб-мұсылман әлемінің әдебиеті мен музыкасы

Орта ғасырлық Шығыс әдебиеті. Поэзия және проза жанрлары. Араб-парсы әдебиетінің ерекшеліктері.

Араб Халифаты елдерінің музыкасы. Оның ақсүйектік сипат алуы, аспаптары, жанры, музыкаға деген ғылыми көзқарас, Аль Фарабидің трактаттары, музыканың поэзиямен байланысы.

Араб-мұсылман өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдықтары – джамал (әдемілік құдайы), джалал (құдайды ұлықтау), сифат (құдайдың аты)

## **Бөлім 5. Орта ғасырдағы Орта Азия мен Қазақстанның өнері мен көркемдік мәдениеті**

### **Тақырып 5.1.**

#### Тәңіріге сиыну – дала діні

Жалпытүрік діні мен мифологиясының пайда болуы. Анимизм. Шамандық іс-тәжірибе. Тәңірішіліктегі монотеизм. Негізгі құдайлар және олардың атқаратын қызметі. Көшпелі халықтың діни іс-тәжірибелері.

### **Тақырып 5.2.**

#### Түркі қағанаты кезеңіндегі Қазақстанның өнері мен мәдениеті

Түркі халқының пайда болуы туралы аңыздың ежелгі діни сенімдермен байланысы. Қазақстан территориясына келіп қоныстанушылардың кәсібі: сауда-саттық, шаруашылықты жаңаша жүргізу. Қалалардың құрылымы үш бөлімнен тұрды. Сәулет өнерінің негізгі формасы – мавзолейлер пайда бола бастады. Мүсін өнерінде – кемпіртастар.

Кемпіртастардағы негізгі бейнелер, олардың ерекшеліктері. Отырар және Тараз қалаларында қыш өнерінің дамуы.

Түркі әдебиетінің алғашқы үлгілері. Орхон-Енисей жазуы. Күлтегін ескерткішіндегі жазу – осы кезеңнің көркемдік-тарихи ескерткіші.

### **Тақырып 5.3.**

#### Орта Азия мен Қазақстанға Исламның таралуы. (10 – 12 ғғ.)

Қарахан кезеңіндегі мұсылмандықтың Орта Азия мен Қазақстан өнері мен мәдениетінің қалыптасуына тигізген әсері.

Ислам дінінің көшпелі халықтың салт-дәстүріне қарай қабылдануы. Суфизм және оның жақтаушысы – Қожа Ахмет Яссауи.

Жібек Жолы және оның Қазақстанның өнері мен мәдениетіне әсері. Отырар мен Тараз – орта ғасыр мәдениетінің қалалары. Қазақстанда қыш және сәндік-қолданбалы өнердің өркендеуі. Қыш бұйымдарының өзіндік ерекшеліктері.

Дәстүрлі мұсылман сәулет ескерткіштері медресе, мешіт, минареттер салына бастады. Бабаджа-Хатун және Айша-биді мавзолейлері – сәулет өнерінің жауһарлары.

Түркі әдебиетінің «Алтын ғасырында» өмір сүрген жазушы-философтар: – Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи. Түркі жазуының орнына араб, парсы тілдерінің ене бастауы сол кезеңнің ерекшелігін көрсетті.

Әл-Фараби – ғалым-энциклопедист, музыкант және ақын.

### **Тақырып 5.4.**

#### Моңғол жаулап алушылығы кезеңіндегі Қазақстанның өнері мен мәдениеті.

#### Ұлы Шыңғысханның ізбасарлары (13 – 15 ғғ.)

Моңғол шапқыншылығы және оның Қазақстан қалаларына тигізген зардабы («Отырардың күйреуі»). Осы тарихи кезеңдегі сәулет өнерінің және басқа кәсіптердің құлдырауы.

Қазақстандағы көшпелі тайпалар мен моңғол әскерлерінің бірігуі. Моңғолдардың басып кіруінің Қазақстанның өнері мен мәдениетіне тигізген оң әсері мен теріс зардаптары.

Моңғол шапқыншылығынан кейінгі Қазақстанның өнері мен мәдениетінің қайта өрлеуі. Сәулет өнеріндегі «тимурид стилі» мен Қазақстанның дәстүрлі қыш және металл өңдеу ісінің қарқын алуы.

Ясы қаласындағы (Түркістан) Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мұсылман сәулет өнерінің інжу-маржаны болып есептеледі. Бұған қоса Батыс Қазақстандағы жер асты мешіттерін айтуға болады.

Осы тарихи кезеңде жыраулық өнер кең өріс алды (Асан Қайғы, Қазтуған-жырау, Шалкиіз-жырау т.б.). Олардың жырларының жанры, формасы, және тақырыбы.

#### Тақырып 5.6.

#### Қазақ хандығы кезеңіндегі өнер мен мәдениет. (15 – 18 ғғ.)

##### Еркін халық

Қазақ хандықтарының құрылуының тарихи маңызы және көшпелі мемлекеттің пайда болуы. Кесенелер мен мешіттер салу одан әрі жалғасты.

Металл өңдеу мен қыш өнері дамуының негізгі жетістіктері. Жазба әдебиетте Мұхаммед Дулати, Кадырғали Жалаири болса, дәстүрлі жырау өнерінде Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет т.б. болды.

18 ғ. ақындар мен жыраулар шығармашылығы – Ақтамберді Жырау, Бұхар Жырау, Шал Ақын т.б. Олардың поэзиясындағы негізгі тақырыптар.

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би шығармашылықтарындағы шешендік өнер. Ондағы әлеуметтік-саяси бағыттылық. «Жеті жарғы» заңын құрушылар.

#### Орта ғасырлық Қазақстан өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдықтары – космогонизм, салт-дәстүр, дидактика

### Бөлім 6

## Қайта өрлеу дәуірінің өнері мен мәдениеті

#### Тақырып 6.1

##### 14 ғасыр әдебиеті.

##### Италия кітаптарындағы байсалдылық пен күлкілі жағдайлар туралы

Теоцентризмнің біртіндеп гуманизмге ауысуы, антикалық өнер мен мәдениеттің өркендеуіне әкеліп соқты. Адам рухына, жан дүниесіне шіркеу тарапынан бақылау бәсеңдеді. Адамдар әлемді зерттей бастады.

Ренессанс кезеңіндегі ғылыми ашылулар. Адам өнердің басты кейіпкеріне айналды.

Данте – орта ғасырдың соңғы, Ренессанстың бірінші ақыны болды. «Күдіретті комедияның» құрылымы, символизмі, мазмұны. Әдебиеттегі негізгі ерекшелік – ондағы Адамның алатын орны.

Петрарка – итальян поэзиясының негізін қалаушы. «Канцоньере» – Жаңа заман поэзиясының мысалы бола алады.

Боккаччоның «Декамероны» – еркін ойлаудың жарқын көрінісі. Ренессанс кезеңінің басты ерекшеліктері: өмір қызығы мен сүйіспеншілікті дәріптеу, өтірік пен екіжүзділікті әшкерелеу, теңсіздікке қарсы күрес.

## Тақырып 6.2

### Қайта өрлеу дәуірі өнері.

#### Суретші әлемді «ашады»

Флоренция – Ренессанс «бесігі». Суретшілер Адам бейнесін шындыққа жақын етіп көрсетуге тырысты. Адам бейнесіндегі тән сұлулығы мен жан сұлулығы.

15 ғасырдағы Флоренция ұлылары: Брунеллески (күмбездер салды, антикалық ордерлік жүйені дамытты), Донателло (мүсін өнерінде адам денесінің әдемілігін шебер көрсете білді), Боттичелли (антикалық мифтік бейнелерді, қоршаған ортаның нәзіктігін, әдемілігін ашып берді).

Қайта өрлеу дәуірінің алыптары: Рафаэль (Құдай-Аналар бейнесінен сұлулықты іздеді, Ватикан фрескаларындағы әлем келбеті), Леонардо да Винчи (ғұлама, сегіз қырлы, бір сырлы адам болды, кескіндеме өнерінде көптеген еңбектер жазды). Микеланджело («буырқанып тұрған» ғұлама, мүсінші, Сикстин капелласының төбесіне салған полотносында Адамды барлық қырынан толық көрсете білді).

Венеция шеберлері: Джорджоне, Тициан, Веронезе

Қайта өрлеу дәуірінің музыкасындағы негізгі ерекшеліктер: музыканың ақсүйектік сипат алуы, аспаптық музыканың дамуы, көпдауыстылық және гомофонды-гармоникалық музыканың пайда болуы.

## Тақырып 6.3

### Солтүстік қайта өрлеу дәуірі өнері

#### Сана төңкерісі

Европа елдеріндегі гуманизм мен реформацияның дамуы. Ренессанс өнерін меңгеруде орта ғасырлық ерекшеліктердің сақталуы. Майлы бояу ойлап шығарылды. И. Босх, П. Брейгель, А. Дюрер шығармаларында қоғамдағы жағымсыз әрекеттер әшкереленді, қарапайым халыққа жақындық байқалды.

## Тақырып 6.4

### У. Шекспирдің әдеби мұралары.

#### «Әлем – театр»

Шекспир және «шекспирлік мәселе». Шекспир театры.

Шекспир – өтпелі кезең ақыны. Әлемнің екі түрлі бет-бейнесіне Адамның қалай қарайтындығы Шекспир пьесаларынан көрінді. «Адам –

барлық дүниенің өлшемі» және «ең негізгі нәрсені күл-талқан ету» дегенге Адамның қатысы. Шекспир пьесаларындағы жеке бастың трагедиясы.

Шекспир шығармашылығының әлем көркем мәдениетіндегі маңызы мен құндылығы.

**Қайта өрлеу дәуірі өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдығы:**  
Адам, Таным, Кемелдену.

## Бөлім 7

### 17 ғасыр өнері мен көркем мәдениеті

#### Тақырып 7.1

##### 17ғ. Франция өнері.

##### Логика мен тәртіптің патшалығы

Абсолютизм және нормативті эстетикалық көзқарастың дамуы, қоғамдық бастамалардың, парыздың басымдығы, антикалық классиканың үйрену үшін үлгі болуы. Батырлық, қаһармандық істерді дәріптеуге ұмтылу. Рационализм - әлемді көріп-білудің бір ерекшелігі. Жанрлар иерархиясы.

Корнель – үлгілі трагедияларды жазушы. «Сид» шығармасының сюжеті, образдары, қарама-қайшылықтар. Өнер міндеттерінің тәрбиелік жағы. Жоғарғы және төменгі жанрлар. «Үш бірлік» ережесі.

Мольердің классикалық комедиясы. Сатиралық мәні мен тәрбиелік функциясы. «Гартюф» – Мольердің мәңгі өшпес комедиясы. Оның сюжеті, образдары, пьесаның тағдыры.

Н. Пуссен – классицизмдік кескіндеме өнерінің негізін қалаушы. Оның шығармаларына тән қасиет: лаконизм, өнертапқыштық, сымбаттылық, ақыл айтушылық, тарихи және мифологиялық сюжет.

**Классицизм құндылықтарының әлеуметтік-мәдени басымдықтары** – Ақыл, Логика, Қағида.

#### Тақырып 7.2

##### 17 ғ. Испания өнері.

##### «Алтын ғасыр»

Испания көркем өнерінің қалыптасуы. Испания өнерінде рыцарлықты дәріптеушіліктің «тоқтатылуы». Драматургиядағы негізгі тақырып: қажыр, қайрат, абырой. Қайта өрлеу дәуірі идеяларын меңгеру. Сервантес пен Лопе де Вега шығармаларындағы образдардың арасындағы қарама-қайшылықтар.

Кескіндеме өнерінің дамуы. Диего Веласкес шығармашылығы. Испаниядағы сарайлық портреттік өнердің дамуы. Әлемді шынайы көрсетуге талпыныс. Ішкі әлем мен психологиялық жағдайға көңіл аудару.

#### Тақырып 7.3

##### 17 ғасырдағы Италия, Фландрия, Голландия өнері.

### «Адам – құмарлық аренасы»

Әлемді жаңаша көру. Әлемді сезінудегі қарама-қайшылықтар. Өнердегі сезімталдық пен аффектілік. Адамды құдайға теңеу және оның мүмкіндіктеріне деген сенімді жоғалту. Бұл кезең өнерінің ерекшеліктері: динамика, синтезге ұмтылу, суреттеу құралдары мен тілдің күрделілігі, образдардың бір-біріне қарама-қарсылығы (өмір мен өлім, шындық пен қиял, жер мен көк т.б.).

Л. Бернинидің сәулет өнеріндегі ескерткіштері. Мүсін өнеріндегі бейнелер.

Караваджо картиналарындағы Адам мен Құдай әлемі.

Рубенс – «барокко королі» – қарапайым бейнелерден сұлулықты іздеу. Адамды бар болмысымен биік тұлға, сұлу, қайратты етіп көрсету.

Рембрандт – психологиялық сипаттамалардың шебері. Шебер өз шығармаларында әлемді философиялық жағынан көрсетуге тырысты.

### Тақырып 7.4

#### Барокко кезеңіндегі музыка.

#### «Осы бір дыбыс толқындары»

17 ғасырдағы Италияның музыкасы. Бұл кезеңнің аспабы – скрипка. Шекті аспаптар оркестрінің құрылуы. Скрипкалық концерттің жанры. А. Вивальдидің «Жыл мезгілдері» концерттік циклындағы әлем мен табиғат. Дыбыс көркем дігі, темптік, динамикалық, тақырыптық қарама-қарсылық – Вивальди шығармашылығына тән қасиет.

17 ғасырдағы Германия музыка мәдениеті. Г. Гендель шығармаларындағы монументальды-қаһармандық тақырыптар. Оның ораториялары мен опералары. И.С. Бах музыкасындағы діни және философиялық тақырыптар. Полифонизм – ойлаудың түрі. Бах шығармашылығындағы барокконың риторикалық фигуралары. Композитордың діни және органдық шығармалары.

**Барокко кезеңі құндылықтарының әлеуметтік-мәдени басымдықтары:** Құмарлық, Қарама-қайшылық, Көпөлшемділік, Қозғалыс.

### Бөлім 8

#### 18 ғасыр өнері мен көркем мәдениеті.

#### Ағартушылық кезең.

### Тақырып 8.1

#### 18 ғасырдағы Англия өнері.

#### Адам Әлемді өзгерте ала ма?

Ағартушылар мен ағартушылық қозғалыс. Әр-түрлі елдер мен халықтар Ағартушылығы міндеттерінің ортақтығы. Қоғамды әділ жолмен құрушы идеалды іздеу.

Роман – Ағартушылық кезеңнің негізгі жанры. Өмірді көркемдеп түрлендіру және өнертапқыштық. Үшінші сословиенің адамы – іскер, білімқұмар, өнертапқыш.

Д. Дефо өзінің «Робинзон Крузо» романында «адамның табиғилығын» көрсеткісі келді. Романдағы негізгі кейіпкердің мінезінің оң және теріс жақтары. Адамның Ақылы мен Еңбегін Әнге қосу.

Дж. Свифттің «Гулливердің саяхаты» – әмбебап сатиралық шығарма. Идеалды қоғамдық құрылыстан іздеу. Автордың Адамға деген пессимизмдік көзқарасы. Англия бейнелеу өнеріндегі Ағартушылық реализмнің негізін қалаушы – Уильям Хогарт. Өнер міндеттерінің тәрбиелік жағын қарастыру. Картиналардың насихат циклдарын құру. Шындыққа сатиралық көзқараспен қарау.

## Тақырып 8.2

### 18 ғасырдағы Франция өнері.

#### Адам Әлемді өзгертуі керек пе?

Француз жазушыларының шығармаларындағы Ағартушылық кезеңінің ерекшеліктері. Ф. Бомарше және оның өлмейтін басты кейіпкері. Тапқырлық, ақылдылық және табандылық – Фигароның басты қасиеттері. Рококо стилінің ағартушылық идеялармен шиеленісуі. Оқиға желісіндегі жеңілтектіктің қоғам тарапынан сыналуды.

Вольтер. Философиялық повестері арқылы қоғамдағы жаман әрекеттерді, феодалдық қоғамды, оның идеологиясын әшкереледі. Бақыт пен бостандыққа барар жол еңбекте деп білді.

Француз кескіндемешілері. Ж. Шарден еңбек Адамын дәріптеді. Шарден өнеріндегі сан түрлі бояулар. Ж. Гудонның скульптуралық портреттері.

Ж.Давид – ампир стилінің көшбасшысы. Антикалық өнерге қайта айналып соғып отыру. Давид картиналарындағы азаматтық пафос пен олардың тарихи мәні.

## Тақырып 8.3

### 18 ғасырдағы Германия өнері.

#### Адамға Әлемді өзгертудің не қажеті бар?

Германиядағы әлеуметтік-тарихи жағдайдың ерекшеліктері. Қоғамды қайта құруға болатынына сенбеушілік бола тұра, ондағы қордаланып қалған мәселелерді ашып көрсетуге тырысушылық. Адам бойындағы жаңа қасиеттерді ашу, яғни: әділдік жолындағы күресте өз күшін сарп ететін, ақылды, мейірімді, терең сезімді.

«Дауыл мен тегеуірін» қозғалысы. И. Гете мен Ф. Шиллер шығармашылығы.

Вена классиктерінің шығармашылығындағы ағартушылық идеялар: Сонаталық-симфониялық цикл және оның инварианты. Й. Гайдн, В.А. Моцарт, Л. Бетховен шығармашылығы.

Тақырып 8.3  
18 ғасырдағы Ресей өнері.  
Адам Әлемді өзгертеді!

I Петрдың реформалары және Ресейдің даму жолдары. Европа өнерімен салыстырғанда Ресей мәдениетінің даму ерекшеліктері: (көркемдік бағыттардың қысқа уақыт аралығында тез өзгеріп отыруы, мысалы: классицизм, барокко, рококо, Ағартушылық).

I Петр билік етіп тұрған кезеңдегі Петербург «келбетінің» қалыптасуы. Сәулет өнерінің өркендеуі. Бірінші орыс портретистері өз шығармаларында адамға жеке тұлға ретінде қарады (Никитин, Матвеев).

Елизавета I кезеңі – «орыс бароккосы» деп аталды. Ф. Растрелли шығармашылығы.

Екатерина кезеңіндегі Ағартушылық классицизм. Ағартушылық әдебиеттегі Адам. Фонвизин, Ломоносов, Радищев. Орыс портретінің өркендеуі. Левицкий, Рокотов, Боровиковский шығармашылығы.

Тақырып 8.4  
18 ғасырдағы Қазақстан өнері.  
Адам өзгермелі әлемде.

Көшпенділердің дәстүрлі мәдениеті

Космогоника және күнтізбе. Көшпелі халық өмірінің табиғат құбылыстарына тәуелділігі және оның күнтізбеге тіркеліп отыруы. Ежелгі және қазіргі Орта Азия мен Қазақстан территорияларындағы халықтық мерекелер. Салт-дәстүрлер және олардың мәні. Орта Азияның мифі мен аңыздары.

Киіз үй және оның құрылысының қазақ халқының дүниетанымына, мифологиясына, салт-дәстүр, әдет-ғұрпына байланыстылығы.

Ұлы Даланың әуені мен сөзі. Ұлы Дала музыкалық өнеріне тән қасиет – ол адам әрі музыкант, әрі ақын, әрі жыршы бола алды. Музыкалық поэтикалық өнердің дамуына поэтикалық сайыстардың оң әсері. Жеке ән айту, күй ойнау өнерінің қалыптасуы және олардың жанрлары. Қазақтың дәстүрлі өнеріндегі эпостың алатын орны. Қазақстанның аспапты музыкасы. Халық аспаптарының өзіндік ерекшелігі. Аспаптардың пайда болуы мен олардың қолданылуы.

Сәндік-қолданбалы өнер. Тұрмыста қолданылатын заттардың ерекшеліктері, олардың көшпелі халықтың өмірінде алатын орны. Дәстүрлі ою-өрнектердің мәні және олардың ежелгі діни наным-сенімдермен байланысы.

**Ағартушылық өнеріндегі әлеуметтік-мәдени басымдықтар:**  
Білім, Тәрбие, Еңбек.



## Бөлім 9

### 19 ғасырдағы өнер мен көркем мәдениет

#### Тақырып 9.1

##### Романтиктер шығармашылығындағы жан бостандығы.

Ағартушылар өнертапқыштығынан бас тарту. Басты кейіпкер жаңа қырынан көрінді: күшті, жай адам емес, жеке басында уайым-қайғысы бар. Айналаны қоршаған шындықтан «қашып», қиял әлеміне, армандарға, ертегілерге, экзотикаға бой ұрды.

Романтикалық әдебиеттің ірі өкілдері: Гюго, Гофман, Байрон, Андерсен, Пушкин, Лермонтов, Грибоедов. Олардың шығармаларының ерекшеліктерінің ортақ тұстары.

Романтикалық кескіндеме өнерінің негізін қалаушылар: Гойя, Жерико, Делакруа, Брюллов, Кипренский, Айвазовский. Образдар мен сюжеттер. Драмалық жағдайлар мен ұлы тұлғаларға көңіл аудару.

Романтикалық музыканың ірі өкілдері: Паганини, Шопен, Глинка, Чайковский. Романтикалық музыкаға тән қасиет - эмоцияға берілушілік. Жаңа жанрлардың пайда болуы, эмоционалды «ағынан жарылу». Европа мен Ресей композиторларының шығармаларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар.

**Романтизм өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдықтары:**  
Данышпан, Фатум (Рок), Арман.

#### Тақырып 9.2.

##### Шығармашылық әдістің бірі – реализм.

##### Кезең хроникашылары.

Европа өнерінде «реализм» терминінің пайда болуы. Реализм бағытының эстетикалық принциптері. Жазушылар, суретшілер, музыканттар шығармашылығынан шын бейнелерге көңіл аудару байқалды. Жаңа кейіпкерлер, сюжеттер, образдар пайда болды – яғни ерекше тұлғадан бас тартып, жай, қарапайым тұлғаға көңіл бөлу. Қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздіктерді әшкерелеу.

Ғасыр ортасындағы реализм және оның ірі өкілдері: Бальзак, Золя, Гоголь, Островский, Тургенев. Кескіндеме реализмінің ірі өкілдері: Курбе, Милле, Иванов, Федотов, Венецианов, Даргомыжский, Бизе, Верди шығармаларындағы реализм, яғни вокалдық жанрдың дамуы, сатиралық ән және опералық реалистік драмалардың өркендеуі.

19 ғ. екінші жартысында Европа және Орыс өнерінің даму жолдарының екіге айырылуы. Орыс өнеріндегі реализм. «Қозғаушылар», «Құдіретті төбе» деп аталатын Ресей шығармашылық ұйымдарының жұмыс барысы мен міндеттері. Ресей өнеріне әдебиеттің әсерін Некрасов, Чернышевский, Достоевский, Л. Толстой шығармаларынан көруге болады.

### Тақырып 9.3

#### Импрессионизм.

##### «Бір сәтке тоқтай қал...»

19 ғасырдың екінші жартысында Батыс Европада импрессионизмнің пайда болуы. Реализм принциптерінің сақталуы. Әлеуметтік-саяси тақырыптан «кету». Кескіндеме өнері құралдарының көмегімен адам және оның қоршаған ортамен байланыстылығын көрсету.

Э. Мане – импрессионизмнің ірі өкілі. К. Моне, К. Писсарро, А. Сислей, О. Ренуар, Э. Дега шығармашылықтарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар.

О. Роден – импрессионист-мүсінші.

Музыкадағы импрессионизм. Жаңа дыбыс, жаңа «бояулар» іздеу. Композиторлар әуенге емес, гармония мен аранжировкаға көп көңіл бөлді. К. Дебюсси, М. Равель шығармашылығы.

### Тақырып 9.4

#### Постимпрессионистер шығармашылығы.

Көркемдік ұйымдардың орнына жағдайы жақсы жеке тұлға келді. Сезанн әлемі. Сезанн шығармашылығының өнердің әрі қарай дамуына әсері.

П. Гогеннің өркениеттен алыстауы. «Таитяндық пасторальдар» және жаңа сурет құралдары примитивизмнің пайда болуына әкеліп соқты.

Ван Гог өмірі мен шығармашылығы. Оның өмірінің жарқын тұстары мен қайғылы кезеңдері.

### Тақырып 9.5

#### Қазақ «Ағартушылығы».

##### Шығармашылық шабыттың шыңы

19 ғасырдағы Қазақстан өнері мен мәдениетіндегі маңызды өзгерістердің басталуы.

Махамбет Өтемісов тұлғасының ұлттық мәдениет үшін маңызы.

Ресейдің Қазақстанның көркем мәдениетіне әсері. Ресей ғалымдарының Қазақстанды мақсаттылықпен зерттей бастауы. Қазақстанның тарихы мен этнографиясы жайлы еңбектердің пайда бола бастауы. Ш. Уәлиханов – саяхатшы, ғалым, этнограф және суретші.

19 ғасырдағы Қазақстан музыка өнерінің өркендеуі. Құрманғазы, Шығайев, Қазанғап, Дүкенов секілді композиторлардың шығармашылығы. Б. Қожағұлұлы, М. Мералиев, А. Қорамсаұлы, Ж. Байжанов сияқты әнші-композиторлардың шығармашылығы биік шыңдардан көрінді. Қазақ халқының музыкалық өнерін зерттеген орыс ғалымдарының алғашқы еңбектері шыға бастады. Қазақ халқының музыкасының орыс композиторларының ұйымы «Күдіретті төбе» өкілдеріне әсері.

Халық шығармашылығын ауыздан ауызға таратқан шебер композитор-әншілер: Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Ыбырай, Майра, Кенен т.б.

19 ғ. қазақтың қазіргі жазба әдебиеті пайда болды. Оның ірі өкілінің бірі ұлы ақын, композитор, ойшыл Абай Құнанбаев болды. Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрімдер педагог-ағартушылар болды.

Қазақстан территориясында алғашқы көркемдік оқу орындарының пайда болуы. Қазақстандағы орыс суретшілерінің шығармашылығы.

**Реализм кезеңі өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдықтары:**  
Қоғам, Бақылау, Объективтілік.

## **Бөлім 10** **20 ғасыр өнері мен көркем мәдениеті**

Тақырып 10.1

Модерн стилі.

«Армандардың нәзіктігі»

19-20 ғасырдағы Европа мен Ресейде модерн стилінің пайда болуы. Бұл стильдің ерекшеліктері: тандамалылыққа, сұлулыққа, «таза» өнерге ұмтылу.

Сәулет өнеріндегі модерн. В. Орта, А. Гимар, А. Гауди, Ф. Шехтель шығармашылықтары.

Кескіндеме өнеріндегі модерн. О. Бердслей, Г. Климт, А. Муха шығармашылықтары. «Өнер әлемі» атты шығармашылық ұйымның негізгі тақырыбы мен өзіне тән ерекшеліктері. В. Серов және М. Врубель шығармашылықтарындағы модерн.

**19-20 ғасыр өнерінің әлеуметтік-мәдени басымдықтары:**  
Гедонизм, Ойын, Шеберлік, Мәңгілік емес.

Тақырып 10.2

Қазақстан кезеңдер мен уақыттар аралығында

19-20 ғасырда Қазақстанда әр түрлі мәдени тенденциялардың қалыптасуы. Ресей мәдениетінің қазақ халқының салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, көзқарасына, әсеріне шығармашылық интеллигенцияның екі жақты пікірі.

Қазақстан сәулет өнерінде жаңа тенденцияның пайда болуы. Жаңа калалардың көптеп салына бастауы, жаңа типті ғимараттардың, архитектуралық конструкциялардың көбеюі және сәулеттік стильдердің сынақтан өтуі. Сәулет өнеріндегі модерн стилін және оның «нұсқаларын» атақты сәулетшілер А. Зенков, П. Гурдэ шығармашылықтарынан көруге болады.

«Зар заман» поэзиясы. «Кітапшы» тобының өкілдері, тақырыптары, сюжеттері, әлеуметтік бағыты.

«Қазақ» газетін құрушылардың тобына жататын қазақ әдебиеті «классиктерінің» шығармашылығы мен қоғамдық іс-әрекеті. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаевтардың әдебиет тілін, жанрын, өлең жолдарының стилистикалық жүйесін жасаудағы жеткен жетістіктері.

Қазақстанда алғаш рет кескіндеме өнерінің мектебі қалыптаса бастады. Н.Хлудовтың шығармашылығы мен педагогикалық жұмыстары.

### Тақырып 10.3

#### 20 ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Европа мәдениетіндегі көркемдік бағыттар.

##### Жаңа көзқарас

20 ғасырдың басындағы авангардтық бағыттар. Фовизм және А. Матисс. П. Пикассоның шығармашылық жолы. 20 ғ. өнеріндегі кубизм. Пессимизм және шындықты ұнатпаушылық неміс экспрессионистерінің шығармашылығында басым болды. Дадаизм.

Сюрреализм және С. Дали шығармашылығы. Өнер мен психоанализдің байланысы. Адамдағы ессіздікке көңіл аудару.

**20 ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Европа өнеріндегі әлеуметтік-мәдени басымдықтар:** Эксперимент, Эпатаж, Иррационалдык.

### Тақырып 10.4

#### 20 ғасырдағы Ресей өнері.

##### Орыс картинасы

Революциядан кейінгі орыс авангарды. «Классикалық» мұрадан аулақтап, өнердің жаңа формасын құруға ұмтылу. Көркемдік ұйымдардың іс-әрекеті. Абстракция – эмоцияға берілу. К. Малевичтің шығармашылық ізденістері. «Қара шаршы» орыс авангардының шырқау шыңы.

30-50 жылдардағы идеологиялық өнердің жарқын көрінісі – соцреализм болды. Суретшілердің, жазушылардың, композиторлардың шығармашылықтарында кеңестік кезеңдегі жағдай тек жақсы жағынан ғана көрсетілді.

«Алпысыншы жылдықтар» мен «қатал стиль» 60-70 жылдары ССРО өнерінде.

20 асырдағы. Кеңес өнеріндегі тенденциялар.

### Тақырып 10.5

#### Кеңестік Қазақстанның өнері мен мәдениеті

20 ғасыр – Қазақстан көркем өмірінің, өнерінің буырқанып қайнап, дамып жатқан кезі. Қазақ өнерінің шығармашылық процестеріне саяси жағдайлардың әсері.

Кеңестік Қазақстан өмірінің суретшілер шығармашылығында бейнеленуі. Соцреализм, «қатал стиль» – Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы негізгі бағыт. Ә. Қастеев шығармашылығы және оның Қазақстан өнеріне қосқан үлесі.

Қазақ халқының кәсіби музыкалық өнерінің қалыптасуы. А. Жұбанов – Қазақстан музыка өнеріндегі ірі тұлға.

Ұлы Отан соғысы кезеңінде Қазақстан кино өнері қалыптасты. Кеңестік кинематографияға қазақ актерлары, режиссерлары және олардың фильмдері үлкен үлесін қосты.

Қазақстан территориясындағы театрдың дамуы. 60-80 жылдардағы Қазақстанның өнері мен мәдениетіндегі ұлттық және көпұлттық синтез.

**Кеңестік елдердегі өнердің әлеуметтік-мәдени басымдықтары:**  
Азаматтылық, Идеология, Пафос.

#### Тақырып 10.6

##### 20 ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Европадағы көркемдік бағыттар.

##### «Біз кімбіз? Қайданбыз? Қайда барамыз?»

Көркемдік құндылықтарды ой елегінен өткізу.

Поп-арт және «тауар жұмағы» идеологиясы. Э. Уорхолл шығармашылығы.

Оп-арт – абстракцияның жаңа айналымы және ғылыми жетістіктер. В. Вазарелли.

Хэппининг және перформанс – өнердің жаңа синтезі, 20 ғасыр «мистериялары».

Концептуализм. Идеялардың көркем сурет құралдарынан басым түсуі.

21 ғасыр өнері дамуының тенденциялары.

#### Тақырып 10.7

##### Тәуелсіз Қазақстан.

##### Болашаққа көз жүгірту

Саяси жағдайдың өзгеріп, Қазақстанның егемендік алуы және оның өнерге тигізген әсері. Жаңа көркемдік құралдарды, жаңа кейіпкерді іздеу – 20 ғасырдың 80-90 жылдарындағы Қазақстан өнері мен мәдениетінің негізгі ерекшеліктері.

Тұрақтылықтың қалыптасуы 90 жылдардағы Қазақстан өнерінің «қайта өрлеуіне» әкеп соқты. Қазіргі Қазақстан мәдениеті екі тенденцияны қатар ұстап тұр. Олар: шетел мәдениетінің озық үлгілерін меңгеру және өз мәдениетінің ұлттық колориті мен ерекшелігін сақтап қалу.

Астана қаласындағы сәулет ескерткіштері қазіргі заман сәулет өнерінің жетістіктерін көрсетеді. Қазіргі Қазақстанның әдебиетіндегі, бейнелеу өнеріндегі, музыкасындағы тарихилық пен авангардтық. Қазіргі заман шығармаларындағы белгілі бір жанрдың, стильдің, кейде үлкен бір өнер түрінің аядан шығып кетуі. Жаңа Суретші «ойын» арқылы әлемге деген көзқарасы мен түйсігін білдірді.

Қазақстан киногерлерінің әлемдік аренаға «бұзып-жарып» кіруі. Оған дәлел: Т. Бекмамбетов шығармашылығы және «Көшпенділер», «Моңғол» фильмдері.

**20 ғасырдың екінші жартысындағы адамзат құндылықтарының әлеуметтік-мәдени басымдықтары:** Кенттену, Қалалану, Көпшілік, Концептуалдылық.

## БАҒДАРЛАМАНЫ ҒДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бұл бағдарламаны құрудың күрделілігі «Өнер тарихы» пәнінде қарастырылатын мәселелердің ауқымының кеңдігінде. Бұл пән тарихи кезеңдердің көркемөнерімен бірге түрлі шығармашылық көркемдік іс-әрекеттерді де қарастырады. Бүгінгі таңда балалар музыка, өнер, көркемөнер мектептеріне арналған оқулықтар, құралдар, көрнекіліктер жоқтың қасы. Сондықтан осы пәннен сабақ беремін дейтін педагог қолына түскен материалды, яғни, көркемдік альбомдар, бейне, аудио-жазулар, өнер, музыка, мәдениет мазмұнындағы кітаптарды пайдалана алады.

Бағдарлама **оқу-әдістемелік кешенінің** бір бөлігі ғана болып есептеледі. Бұл жинаққа: білім алушыларға арналған әдістемелік оқу құралы, пән бойынша бақылау тапсырмалары мен тест жинақтары, бағдарламаның әр бөліміне, әр тақырыбына арналған бейнематериалдар, фонохрестоматиялар кіреді. Сонымен бірге «Өнер тарихы» пәніне арналған оқулық дайындалуда. Педагог еңбегінің жүйелі және нәтижелі боларына, ал білім алушылардың меңгеруде қиындық туғызатын материалдарды оңай әрі жеңіл меңгерулеріне осы бағдарламаның септігі тиетініне автор кәміл сенеді.

Білім алушыларға өз елінің мәдени мұраларын меңгерту үшін педагог оларды мұражайларға, көрмелерге, театрларға, концерттерге апару арқылы өнерге, мәдениетке тартуы керек. Осы іс-әрекеттердің барлығы бағдарламаның дұрыс оқытылуына, мақсат-міндеттерінің орындалуына әкеліп соғады. Мысалы, оқушы сабақта белгілі бір материалды меңгеруде бейнематериалдан үзінді көрумен ғана шектелсе, киноға, концертке, театрға бару арқылы оқиға желісін бастан аяқ көре алады және соған қатысушы бола алады.

Бұл бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы, педагогке еркіндік берілген. Педагог сыныптың, топтың, оқушылардың деңгейіне қарай отырып бағдарламадағы материалды, сағат санын өзгерте алады. Бағдарламаға 30 пайыз өзгеріс ендіре алады. Бұл пәнді жүргізетін педагог жан-жақты білімді, мәдениетті болуы абзал.

Жоғарыда айтылғандай, бұл бағдарламаның алдына қойып отырған мақсаты оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру болғандықтан, **диагностика тәсілдерін** қарастырған жөн.

**Барлық педагогикада пайдаланылатын диагностикалық тәсілдер мынадай:**

- диагностика педагогикалық процеспен біте қайнасып, бірнеше рет қайталануы керек. Мұның өзі құндылық бағдарының түрлі компоненттерінің технологияларын жүйелеуге мүмкіндік береді және болжамның дұрыс болуына оң әсерін тигізеді;

- барлық зерттеу тәсілдерін қамтитын диагностикалық кешен болуы керек;

- балалармен фронтальды, топтық, жеке жұмыс түрлерін жүргізу керек;

- әдебиетке сүйене отырып, алынған мәліметтерді жазып отыру қажет;

- күнделікті сынақтар алып тұру және алынған нәтижелерді тіркеп отыру;

Жүргізілетін диагностика тиімді және ыңғайлы болу үшін, оның бірнеше компоненттерін жеке алып қарауға болады. Олар: танымдық, адамгершілік, креативтік немесе шығармашылық.

**Танымдық компоненттің критерийлеріне мыналар жатады:**

- өнердің түрлері, жанрлары, тілі, ерекшеліктері жайлы білім деңгейі;

- белгілі бір шығармаларды тани алуы, түсінуі, жақсы көруі;

- аумақтың, елдің, жалпы адамзаттың көркемдік мәдениетінің ірі өкілдерінің өмірбаянын, шығармашылығын білуі;

- алған білімін өнер шығармаларын талдауда, өзінің жеке көркемдік-шығармашылық іс-әрекетінде пайдалана алуы;

- ойлау қабілетін дамыту деңгейі (талдау, синтездеу, салыстыру операциялары, қорытындылау, себеп-салдарының байланысын айқындау);

**Адамгершілік компоненттерінің критерийлері:**

- өнер шығармаларының мазмұнындағы адамгершілік аспектілерін байқау, шығармадағы кейіпкерлердің, олардың арасындағы келіспеушіліктерді, оның себеп-салдарына көз жүгірте отырып, оған адамгершілік тұрғысынан қорытынды жасау;

- сол кезеңнің авторларының шығармаларында орын алған адамгершілік мәселелерді түсіндіріп беру.

**Жеке тұлғаның құндылық бағдарын анықтауда шығармашылық компоненттердің критерийлері:**

- өз бетімен іздену, эстетикалық тұрғыда бағалау, практикалық, көркемдік іс-шаралардың деңгейі;

- жаңа көркемдік ақпарат іздеуге, қоғамның көркемдік мәдениетінің түрлі салаларын меңгеруге ықыласы;

- өнер шығармалары туралы өзінің жеке көзқарасы, пікірі болуы;

- әр-түрлі ассоциацияларға, ойлаудың ауыспалылығына қабілеттілігі;

- көркемдік-шығармашылық іс-әрекетінің, одан алған нәтиженің өзіне ғана тән ерекшелігінде.

Яғни, бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаның құндылық бағдарын анықтау диагностикасында осы аты аталған барлық компоненттерді пайдалануымыз керек.

**Сонымен** бағдарламаның берген білімінің нәтижесін анықтау үшін үш түрлі тапсырма беріледі:

- тест тапсырмалары арқылы (жауап нұсқаларының болуы да, болмауы да мүмкін);

- практикалық тапсырмалар (шығарманың атын және авторын білу), музыкалық шығарманы анықтай білу (музыкалық викторина немесе



диктант), көркемдік шығармаларды тану (бейне-викториналар), әдеби шығармалардың мәтінін және ондағы оқиға желісін білу;

- шығармашылық тапсырмалар, соның ішінде өз бетімен орындайтын жұмыстар (шығарма, эссе, зерттеу, көпшілік алдында сөйлеу), және топтық жұмыстар (дискуссиялар, викторина-сабақтар, брейн-рингтер, сахна-сабақтар).

Бұл жерде оқушы өнерге деген өзінің жеке көзқарасын білдіре отырып, сол кезеңнің стильдері туралы қорытынды жасай алады.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары**

1. Бағдарламаның алдына қойған міндеттерін жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық база болуы керек.

2. Кез келген уақытта қараңғылай алатындай, үлкен және жарық орын.

3. Экран.

4. Тақта.

5. Оқытудың техникалық құралдары (проектор, телевизор, DVD, CD, интерактивті тақта).

6. Анықтамалықтар, альбомдар, баспа кітаптар.

7. Көрнекі құралдар, кестелер.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### Оқулықтар, құралдар, энциклопедиялар

1. Артамонов С.Д. Сорок веков мировой литературы. В 4 томах. М; 1997.
2. Бакланова Т., Сокольникова Н. Мировая художественная культура. Учебники для 5, 6-7 классов. М; 2000.
3. Болатбаев К., Косбармаков Е., Еркебай А. «Искусство». Учебник для 10 классов общеобразовательных школ. Алматы; «Мектеп»; 2006.
4. Галимжанова А., Глаудинова М, и др. История искусств Казахстана. Учебник для ВУЗов. Алматы. «ИздатМаркет»; 2006.
5. Греховодов Н., Данилюк В., Косенко П. Казахские писатели. Алма-Ата; «Жазушы»; 1969
6. Гузик М.А. Учебный путеводитель по мировой художественной культуре. М; «Просвещение»; 1999.
7. Джумакова У., Кетегенова Н. Казахская музыкальная литература 1920-1980. Алматы «Гылым» 1995
8. Елеманова С., Саильянец А., Жайымов А. и др. Музыка. Учебники для 5, 6 классов общеобразовательных школ. Алматы; «Атамура»; 2001.
9. Жанайдаров О. Детская энциклопедия Казахстана. Мифы Древнего Казахстана. Алматы; 2006.
10. Жубесов Т. Казахские музыкальные инструменты. Алматы; «Аруна»; 2001
11. История казахской музыки. Традиционная музыка казахского народа: песенная и инструментальная том 1. Алматы «Гылым», 2000.
12. История Казахстана с древнейших времен до наших дней: В 5 т. Алматы. 1997
13. Казахская музыкальная литература. Учебник для музыкальных школ. Составитель С. Елеманова. Алма-Ата; «Онер»; 1993.
14. Казахская литература. Комплект учебников-хрестоматий для 5, 6, 7, 8, 9 классов русских школ. Алматы. «Жеты жаргы» 2002.
15. Миненко В., Момынов П. Краткий курс музыкальной литературы Казахстана.
16. Мировая художественная культура. Учебники для 10, 11 классов. М; 2000.
17. Солодовников Ю. Человек в мировой художественной культуре. Учебник-хрестоматия для 6, 7, 8, классов. М; 1999.
18. Омирбекова. М. Традиционная культура казахов. Учебное пособие для занятий по труду и изобразительному искусству для учащихся 1-6 классов. Алматы; «Алматыкитап»; 2004

19. Сатпаева Ш., Адибаев Х. Казахская литература. /Учебник для 10-11 классов общеобразовательных школ. Алматы; «Рауан»; 1996.
20. Учебное пособие для учащихся детских музыкальных школ. Алма-Ата; «Жалын»; 1978.
21. Энциклопедия для детей. М; Аванта+; 1996-2004.  
Том 6. Религии мира. В 2 частях;  
Том 7. Искусство. В 3 частях;  
Том 9. Русская литература. В 2 частях;  
Том 15. Всемирная литература. В 2 частях.  
Том 18. Духовный мир человека. Человек. Ч.3;  
Том 21. Культуры мира. Общество. Ч.2;
22. Энциклопедия юного художника. М; 1985.
23. Юхвидин П.А. Мировая художественная культура./ От истоков до 17 века/. М; «Просвещение»; 1996.

### **Арнайы әдебиеттер**

1. Абылхожин Ж., Бурханов К., Кадырбаев А., Султанов Т. Страна в сердце Евразии. Сюжеты по истории Казахстана. Алматы 1998.
2. Агапов. А., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата; 1979
3. Ажигали С. Архитектура кочевников. Алматы; 2004
4. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. Алматы; «Дайк-Пресс», 2002..
5. Алпатов М.В. Древнерусская живопись. М., 1984.
6. Архитектура средневековых городов Южного Казахстана. Кумбезд, №2, 1997.
7. Барская Н. Сюжеты и образы древнерусской живописи. М; 1993.
8. Бродский Б. Жизнь в веках. М; 1990.
9. Великие мастера итальянского искусства. М; «Слово»; 1995.
10. Гаспарян А. Занимательная Греция. М; 1996.
11. Глаудинов Б. История архитектуры Казахстана. Алматы; 1999.
12. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. М., 1984.
13. Гуревич А.М. Романтизм в русской литературе. М., 1980
14. Декоративное искусство Казахстана. XX век. Алматы; 2002
15. Дмитриева Н.А. Краткая история искусств. В 3 томах. М; 1993.
16. Дмитриева Н., Виноградова Н. Искусство Древнего Мира. М; «Искусство»; 1986.
17. Ерзакович Б. Музыкальное наследие казахского народа. Алма-Ата «Наука»; 1979.
18. Ермоленко А. Средневековые каменные изваяния Казахстанских степей. Новосибирск; 2004.
19. Жұмалиева Т., Ахметбекова Д., Ысқақов Б., Қарамендина А., Қоспақов З. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. Алматы, 2005.
20. Ибраева К. Казахский орнамент. Алма-Ата. 1994.

21. Иванов А.Б. Рассказы о русских художника. М., 1988.
22. Ильина Т. История искусств. В 2 томах. М; 1993.
23. Искусство Европы. Живопись Северной Европы. М; 2002.
24. История искусства для детей. Икона. М; 2002.
25. История искусства. Первые цивилизации. М; 1998.
26. Как понимать искусство. М; 2001.
27. Коваленская Т.М. русский реализм и проблема идеала. М., 1983.
28. Костюм народов Средней Азии. М.; 1979
29. Левик Б. Музыкальная литература зарубежных стран. М., 1971.
30. Лихачев Д.С. Человек в литературе Древней Руси. М., 1970.
31. Любимов Ю. Искусство Древнего Мира. М; 1982.
32. Любимов Ю. Искусство Древней Руси. М; 1982.
33. Любимов Ю. Искусство Западной Европы. М; 1982.
34. Максимова А., Ермолаева А., Марьяшев А. Наскальные изображения урочища Тамгалы. Алма-Ата; 1985ю
35. Маргулан А. Казахская юрта и ее убранство. Мир казаха; Алматы; 1997.
36. Маргулан А., Акишев К., Кадырбаев М., Оразбаев А. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата; 1966
37. Маркова О., Жанабаев К. «Золотая колыбель». Алма-Ата; 1986
38. Мир Ренессанса. Будапешт; 1984.
39. Муқанов М. Казахская юрта. Алма-Ата; 1982
40. Муравьев В.С. Путешествие с Гулливером. М., 1972.
41. Народное искусство как часть культуры. М.; 1983
42. Нурмухамбетов. Н. Мавзоль Ходжа Ахмеда Яссауи. Алма-Ата; 1991.
43. Овчинников Ю. История памятников архитектуры. М; 2001.
44. Озера степные. Казахская поэзия VIII – XIX веков. Алматы; «Ғылым»; 1999.
45. Прусс И.Е. Западноевропейское искусства XVII в. М., 1971.
46. Райт С. Ренессанс. Шедевры мирового искусства и архитектуры. Минск. 1996.
47. Раевский Д. Модель мира скифской культуры. М. 1985
48. Рогинская Ф.С. Передвижники. М. 1997.
49. Розеншильд К. История зарубежной музыки. М., 1973.
50. Русская музыкальная культура. Л., 1980.
51. Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. Алма-ата «Жалын», 1978.
52. Средневековые города Средней Азии и Казахстана. Л.; 1970.
53. Урнов Д.М. Робинзон и Гулливер. М., 1973.
54. Что есть что в искусстве. М; 2001.
55. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы; 1998
56. Этюды об изобразительном искусстве. М; 1994.

